

**Шалқар аудандық мәслихатының шешімі**

**22 мамыр 2017 жыл**

**№112**

**Шалқар аудандық мәслихатының  
кейбір шешімдерінің күші  
жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы**

**Шалқар аудандық мәслихатының  
хатшысы**

**А.Қожаниязов**

**С.Бигеев**

### **Шалқар аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдері**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 шілдедегі №212 «Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-13-138 тіркелген, 2010 жылғы 8 қыркүйекте «Шалқар» газетінде жарияланған) шешімі;

2. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 наурыздағы №69 «Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 «Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы» шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3553 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 сәуірде «Шалқар» газетінде жарияланған) шешімі;

3. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы №113 «Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 «Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3690 тіркелген, 2013 жылғы 05 желтоқсанда «Шалқар» газетінде жарияланған) шешімі;

4. Шалқар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 маусымдағы №215 «Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4378 тіркелген, 2015 жылғы 03 шілдеде «Шежірелі өлке» газетінде жарияланған) шешімі.